

Б.Б. Сейітова* , **Қ.Ө. Есенова** 

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

*e-mail: seyitova.bagdagul@mail.ru

ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫНЫҢ СУПЕРДИАЛЕКТИЛІК СИПАТЫ

Жыраулар поэзиясы – қазақ әдебиеті, мәдениеті және тарихының ортақ құндылығы ретінде маңызды зерттеу нысаны болып табылады. Бұл поэзияны зерттеудің өзектілігі қазақ тілінің тарихи және аймақтық ерекшеліктерін ашуға, ұлттық таным мен мәдениетті тереңірек түсінуге негізделеді. Жыраулар шығармаларында әртүрлі аймақтық диалектілер мен тілдік ерекшеліктер көрініс тапқан, бұл қазақ тілінің аймақтық мәселелері мен олардың ұлттық танымдық негіздерін зерттеуге мүмкіндік береді.

Жыраулар поэзиясында тек бір аймаққа тән диалектілер ғана емес, қазақ халқының әртүрлі аймақтарында қолданылған диалектілік ерекшеліктердің синтезі жүзеге асқан. Бұл үрдіс қазақ әдеби тілінің қалыптасуына ықпал етіп, супердиалектілік құбылыс арқылы аймақтық, рулық және мәдениетаралық тілдік элементтердің үйлесуін қамтамасыз етті. Жыраулардың супердиалектілік ерекшеліктері қазақ ұлттық тілінің қалыптасуына негіз болып, оның тұтастығын сақтауда маңызды рөл атқарды.

Тілдегі осындай біріктіруші қызмет қазақ халқының ұлттық бірлігін нығайтуда ерекше мәнге ие болды. Жыраулар поэзиясындағы супердиалектілік құбылыстар қазақ тілінің ішкі құрылымдық дамуын ғана емес, сондай-ақ оның мәдени және әлеуметтік ықпалының ауқымын түсінуге мүмкіндік береді. Сол себепті жыраулар поэзиясында кездесетін диалектілік ерекшеліктер қазақ диалектологиясы мен этнолингвистикасы саласында ерекше орын алады.

Бұл тілдік құбылыстарды зерттеу тек тілдік жүйенің дамуын ғана емес, сонымен бірге қазақ халқының мәдениетаралық байланыстары мен ұлттық танымдық ерекшеліктерін ашуға ықпал етеді. Жыраулар тілін талдау ұлттық мәдениеттің тілдік, тарихи және әлеуметтік аспектілерін зерделеуге мүмкіндік береді.

Мақалада жыраулар шығармаларындағы диалектілік және супердиалектілік ерекшеліктердің әдеби тілдің қалыптасуына қосқан үлесі мен олардың ұлттық мәдениет пен тілдік бірлікті нығайтудағы рөлі жан-жақты талданды. Жыраулар поэзиясы әртүрлі аймақтық және рулық диалектілерді біріктіру арқылы диалектілік сөздерді жалпыхалықтық қолданысқа енгізудің бірегей тетігі ретінде танылды.

Түйін сөздер: лингвистика, диалектология, супердиалект, диалект, жыраулар поэзиясы, этнос, әдеби тіл, таным.

B.B. Seyitova*, K.O. Yessenova

Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: seyitova.bagdagul@mail.ru

The Superdialectal Properties of Zhyrau Language

Zhyrau poetry is an important object of study, representing a shared value of Kazakh literature, culture, and history. The relevance of studying this poetry lies in the need to uncover the historical and regional features of the Kazakh language and to deepen the understanding of national worldview and culture. The works of Zhyrau reflect various regional dialects and linguistic features, which allow for the exploration of the regional aspects of the Kazakh language and their cognitive foundations within the national context.

In Zhyrau poetry, a synthesis is achieved not only of dialects specific to certain regions but also of linguistic features used in various parts of Kazakhstan. This process contributed to the formation of the Kazakh literary language, facilitating the harmonization of regional, tribal, and intercultural linguistic elements through the phenomenon of superdialect. The superdialectal features of the Zhyrau language formed the basis for the establishment of the Kazakh national language and played a significant role in maintaining its integrity.

Such a unifying function of language has acquired particular importance in strengthening the national unity of the Kazakh people. The superdialectal phenomena in Zhyrau poetry provide insight not only into the internal structural development of the Kazakh language but also into its cultural and social

influence. Therefore, the dialectal features found in Zhyrau poetry occupy a special place in Kazakh dialectology and ethnolinguistics.

The study of these linguistic phenomena contributes to revealing not only the development of the linguistic system but also the intercultural connections of the Kazakh people and their cognitive national characteristics. The analysis of Zhyrau language offers an opportunity to explore the linguistic, historical, and social aspects of national culture more deeply.

This article thoroughly examines the dialectal and superdialectal features in the works of Zhyrau, their contribution to the formation of the literary language, and their role in strengthening national culture and linguistic unity. Zhyrau poetry is presented as a unique mechanism for integrating dialectal words into common usage.

Key words: linguistics, dialectology, superdialect, dialect, the poetry of narrators of folk tales, ethnolinguistics, literary language.

Б.Б. Сейітова* , К.У. Есенова

Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан

*e-mail: seyitova.bagdagul@mail.ru

Свойства супердиалектности языка жырау

Поэзия жырау является важным объектом исследования, представляя собой общую ценность казахской литературы, культуры и истории. Актуальность изучения этой поэзии обусловлена необходимостью раскрытия исторических и региональных особенностей казахского языка, а также углубления понимания национального мировоззрения и культуры. В произведениях жырау находят отражение различные региональные диалекты и языковые особенности, что позволяет исследовать региональные аспекты казахского языка и их национальные когнитивные основы.

В поэзии жырау реализован синтез не только диалектов, характерных для определённого региона, но и языковых особенностей, использовавшихся в разных частях Казахстана. Этот процесс способствовал формированию казахского литературного языка, обеспечив гармонизацию региональных, родовых и межкультурных языковых элементов благодаря супердиалектному явлению. Супердиалектные особенности языка жырау послужили основой для становления казахского национального языка и сыграли важную роль в сохранении его целостности.

Такая объединяющая функция языка приобрела особое значение для укрепления национального единства казахского народа. Супердиалектные явления в поэзии жырау позволяют понять не только внутреннее структурное развитие казахского языка, но и его культурное и социальное влияние. Поэтому диалектные особенности, встречающиеся в поэзии жырау, занимают особое место в казахской диалектологии и этнолингвистике.

Исследование этих языковых феноменов способствует раскрытию не только развития языковой системы, но и межкультурных связей казахского народа, а также его национальных когнитивных особенностей. Анализ языка жырау даёт возможность глубже исследовать языковые, исторические и социальные аспекты национальной культуры.

В статье всесторонне рассматриваются диалектные и супердиалектные особенности в произведениях жырау, их вклад в формирование литературного языка и их роль в укреплении национальной культуры и языкового единства. Поэзия жырау представлена как уникальный механизм интеграции диалектных слов в общепотребительный язык.

Ключевые слова: лингвистика, диалектология, супердиалект, диалект, поэзия жырау, этнолингвистика, литературный язык.

Кіріспе

Тіл – адамзат әлемі мен оның мәдениетін бейнелейтін ғана емес, оны сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін ерекше құрал. Тілдің бұл қызметі халықтың ұлттық болмысы мен жеке тұлғалық ерекшелігін қалыптастырудағы шешуші рөлін көрсетеді. Тіл арқылы халықтың тарихы, дәстүрлері, дүниетанымы және мәдени құндылықтары беріледі. Осы тұрғыдан алғанда, әрбір ұлттың тіліндегі танымдық ерекшеліктерді зерт-

теу оның ұлттық болмысы мен мәдени кодтарын терең түсінуге мүмкіндік береді.

Жыраулар поэзиясы – қазақ әдебиеті мен мәдениетінің рухани қазынасы ретінде тілдік, тарихи және танымдық зерттеулердің маңызды нысаны. Бұл поэзияда аймақтық ерекшеліктер мен диалектілік элементтер ерекше орын алады. Жыраулар тілі тек бір аймақтың ғана емес, әртүрлі аймақтық диалектілер мен мәдени ерекшеліктердің тоғысуынан құралған, сондықтан да оны зерттеу қазақ әдеби тілінің қалыпта-

суындағы супердиалектілік құбылысты ашуға мүмкіндік береді. Жыраулар шығармаларында кездесетін диалектілік ерекшеліктер қазақ халқының ұлттық танымын, тарихи және мәдени даму жолдарын зерттеуге маңызды негіз болып табылады.

Диалектология тілдің аймақтық нұсқаларын зерттеу арқылы ұлттық кодтарды, танымдық ерекшеліктерді және тілдің тарихи дамуын түсінуге бағытталған ғылым. Жыраулар тіліндегі диалектілік ерекшеліктердің супердиалектілік сипаты – әртүрлі аймақтық және рулық тілдік элементтердің бірегей үйлесімін көрсетеді. Бұл үйлесім қазақ әдеби тілінің қалыптасуына ғана емес, халықтың ұлттық бірегейлігін нығайтуға да ықпал етті. Жыраулардың тілі қазақ тілінің ішкі көптүрлілігінен әдеби тілдің дамуын қамтамасыз еткен маңызды кезеңдердің бірі болып табылады.

Жыраулар поэзиясын зерттеудің өзектілігі бірнеше факторлармен айқындалады. Біріншіден, бұл поэзия қазақ халқының тарихи жады мен мәдени мұрасын сақтаудың маңызды құралы ретінде қызмет етеді. Екіншіден, жыраулардың шығармаларындағы диалектілік элементтерді зерттеу арқылы қазақ тілінің тарихи дамуы мен аймақтық ерекшеліктерін түсінуге болады. Үшіншіден, жыраулар поэзиясы ұлттық мәдениеттің, дүниетанымның және философиялық көзқарастың көрінісі ретінде танылып, олардың тілі арқылы халықтың әлеуметтік құрылымы мен ұлттық бірегейлігінің негіздері айқындалады.

Жыраулар поэзиясындағы супердиалектілік құбылыс тек тілдік ғана емес, мәдени-тарихи зерттеулер үшін де маңызды. Бұл құбылысты зерттеу қазақ халқының рухани және мәдени бірлігін нығайтқан факторларды түсінуге мүмкіндік береді. Осылайша, жыраулар тілі ұлттық танымның айнасы, қазақ әдебиеті мен тілінің дамуындағы бірегей кезең болып табылады.

Демек жыраулар поэзиясын диалектологиялық тұрғыдан зерттеу қазақ әдеби тілінің қалыптасуы мен ұлттық мәдениеттің танымдық ерекшеліктерін терең түсінуге ықпал етеді. Бұл зерттеулер тілдің когнитивтік және әлеуметтік-функционалдық рөлін анықтап, ұлттық бірегейлікті сақтау мен ұрпаққа жеткізудегі маңыздылығын дәлелдейді.

Материалдар мен әдістер

Мақаланы жазу барысында қазақ тілінің аймақтық ерекшеліктері мен ұлттық тіліміздегі

рөлін қалыптастыруын зерттеуге бағытталған еңбектер басшылыққа алынып, *Сытыра жыраудың «Уа, Хан ием, Хан ием», «Мен жыраумын, жыраумын», Асан қайғының «Бұл заманда не га-рип?»*, *Қазтуғанның «Мадақ жыры», «Алаң да, алаң, алаң жұрт»* сынды поэзияларына тілдік талдау жасалды.

Сондай-ақ осы поэзиялардағы супердиалектілік сипаттарды айқындау үшін төмендегідей әдістер қолданылды:

Лингвистикалық талдау әдісі жыраулар поэзиясындағы диалектілік элементтердің морфологиялық, фонетикалық және лексикалық ерекшеліктерін анықтауға бағытталды. Бұл әдіс арқылы жыраулар шығармаларындағы диалектілік элементтердің қолданылу жиілігі, олардың әдеби тілге әсері, сонымен қатар тілдік жүйенің тарихи дамуы айқындалды. Лингвистикалық талдау барысында жыраулар тіліндегі жеке сөздердің аймақтық және контекстуалдық мағыналары сарапталып, олардың әдеби тілдегі функционалдық рөлі анықталды.

Этнолингвистикалық әдіс жыраулар шығармаларындағы тілдік элементтердің этномәдени және символикалық мәнін зерттеуге негізделді. Бұл әдіс арқылы жыраулар тілінде кездесетін диалектілердің халықтың тұрмыс-салты, дүниетанымы, ұлттық құндылықтары мен рухани мұрасымен байланысы ашылды. Этнолингвистикалық талдау жыраулар поэзиясында қолданылған ерекше лексикалық бірліктердің мәдениетаралық байланыстарды нығайтудағы рөлін көрсетіп, олардың ұлттық мәдениеттің символдық кодтары ретінде қызмет ететінін дәлелдеді.

Сонымен қатар, зерттеу үдерісінде *салыстырмалы-тарихи әдіс* қолданылып, жыраулар поэзиясындағы диалектілік элементтердің тарихи дамуы мен трансформациясы талданды. *Контент-анализ әдісі* арқылы жыраулар шығармаларында жиі кездесетін диалектілік элементтердің қолданымдық өрісі мен мағынасы статистикалық тұрғыдан қарастырылды.

Әдебиеттерге шолу

Қазақ тіл білімінің басқа салаларына қарағанда диалектологияның зерттелу тарихында біраз өзгешеліктер бар. Қазақ даласының, қазақ тілінің ұлттық ерекшеліктерін зерттеген академик В. Радлов қазақ тілі монолиттілігін негізге ала отырып, тілімізде диалектілер кездеспейді деген пікірді білдірді (Радлов, 1896: 227). С. Малов (Малов, 1951: 81) пен Н. Ильминский де

(Ильминский, 1860: 105) «Қырғыз (қазақ) сахарасының ұлан-байтақ кеңістігінде қырғыз-қайсақтардың тілі диалектілерге бөлінбейді» деген тұжырым жасағандықтан, қазақ тіл білімі ғалымдарының көпшілігі осындай пікірлерге сүйенді.

Сол себепті қазақ тіл білімінде диалектологиялық зерттеулер Қазан төңкерісінен кейін ғана белсенді түрде қолға алына бастады. Төңкеріске дейін диалектологияға қатысты арнаулы ғылыми еңбектер болмаса да, фольклорлық материалдарды жинаған зерттеушілер еңбектерінде диалектологиялық деректер молынан кездеседі. Революцияға дейін жарық көрген халық ауыз әдебиеті үлгілерінде диалектілік сипатқа ие сөздер, дыбыстық және грамматикалық ерекшеліктердің қамтылғандығын байқаймыз. Мысалы, Г. Потанин, О. Әлжанов, Дүйсембаев, Д. Айманов, Ғазин және басқа зерттеушілер солтүстік-шығыс аймақтарының фольклорын зерттесе, А. Диваев, Н. Пантусов, М. Миропиев пен Шайхул-Ислам Юсупбеков оңтүстік өңірді, ал Н. Ильминский, А. Алекторов, А. Васильев, И. Аничков және В. Радловтар батыс аймақтың фольклорын қарастырған.

Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктерін зерттеуге қажетті маңызды тілдік деректер А. Васильев, Ш. Уәлиханов, А. Диваев жариялаған ауыз әдебиеті нұсқаларында молынан ұшырасады. Қазақ тіліндегі жергілікті ерекшеліктер туралы алғаш пікір білдіріп, «жергілікті ерекшеліктер» терминін енгізген Жүсіпбек Аймауытов болды (Жанпейісов, 1991: 30). Бұл мәселені 1926 жылдан бастап Алаш қайраткерлері қолға алғанымен, Кеңес кезеңінің қиыншылықтары оның дамуына мүмкіндік бермеді. Қазақ тілінде диалект жоқ деген пікір кеңінен тараған еді, әрі көптеген қазақ ғалымдары орыс зерттеушілерінің осы пікіріне сүйенді.

1950 жылы «Правда» газеті қазақ тілінің диалектісіз екенін ерекше атап өтеді. Осыған байланысты Н. Сауранбаев қазақ тілінде диалекттің бар-жоғы әлі шешілмегенін айтты. 1953 жылы КСРО Ғылым академиясының Түркі тілдері секторында қазақ тіліндегі диалектілерді жоққа шығаруды қате деп таныған қорытынды қабылданғаннан кейін бұл мәселе шешімін тапты.

Осылайша, қазақ тілінде диалект бар деген қорытынды шыққаннан кейін қазақ диалектологиясын зерттеуде жаңа кезең басталды. Диалектілік ерекшеліктерді жинау, талдау жұмыстары жолға қойылып, мамандар дайындалып, диссертациялар қорғалып, ғылыми монографиялар жа-

рық көре бастады. 1958-1963 жылдары «Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері» атты жинақ жүйелі түрде шығарыла бастады.

Қазақ диалектологиясының ғылыми тұрғыдан қалыптасуы мен зерттелуі профессор Н. Сауранбаев пен Ш. Сарыбаев есімдерімен тығыз байланысты. Бұл ғалымдар қазақ тіліндегі жергілікті ерекшеліктердің пайда болуы мен дамуы, олардың жалпы сипаты туралы құнды ой-пікірлер айтқан. Н. Сауранбаев пен Ш. Сарыбаевтың мақаласында қазақ тіліндегі диалектілік ерекшеліктердің негізгі сипаттамалары толық ашылып көрсетілді (Сауранбаев, 1958: 14).

Сонымен тіл байлығы тек сөз саны арқылы өлшенбейді, оның сапасы, мазмұнының тереңдігі және мағыналық ауқымы өте маңызды. Бұл тек жалпы әдеби лексикаға ғана тән емес, *диалектілік лексика* да тілдің семантикалық даму ерекшеліктеріне ықпал етеді. Ұлтпен бірге дамып, бірге өмір сүретін тілдің дамуы мен түрлі қарым-қатынастары диалект сөздерде көрініс табады.

Диалектілік лексика – ұлт тарихы мен мәдениетінің, тұрмыс-тіршілігінің белгісі, рухани және материалдық құндылықтарды зерделеуде маңызды дереккөз. Тарихи жазба деректері аз түркі тілдерінің бірі ретінде қазақ тілінің тарихын, оның рухани және материалдық байлығын танытуда диалектілік лексиканың рөлі зор (Атабаева, 2006: 286).

Диалект – белгілі аймақта өмір сүретін қауымның тілі. Оның диалект екендігі өзге топтың тіліне қарсы қою арқылы ажыратылады, сондықтан ұлттық тілдерде диалект саны бірнешеу болады. Бірқатар ғалымдардың пікірінше, ұлттық әдеби тіл диалектілердің негізінде пайда болады. Сондықтан диалект тарихы ұлт тарихымен терең сабақтаса байланысады.

Мысалы, кейбір еуропалық тілдерде, соның ішінде неміс немесе итальян тілдерінде, әртүрлі аймақтардың диалектілері біртұтас супердиалектілерге бірігуі де арқылы ортақ ұлттық тілдің қалыптасуына алғышарттар жасайды. Тілдің құрылымында ұлттық мәдениетке қатысты символдық мәндер жасырын түрде сақталады десек, түркі тілдеріндегі лексикалық бірліктер халықтың тарихи, этнографиялық және мәдени ерекшеліктерін ашып, тілдің ұлтты танытушы рөлін атқарады (Bekeyeva, 2021: 33). Сол себепті, әлемдік тіл білімінде супердиалектілерді зерттеу тілдің дамуы мен стандартталуының маңызды кезеңдерін анықтауға көмектеседі. Мұндағы «супердиалект» дегеніміз – аймақтық

диалектілердің өзара қосылып, бірақ әдеби тілге жете қоймаған аралық тілдік формасы. Супердиалект бір немесе бірнеше аймақтың диалектілік ерекшеліктерін қамти отырып, оларды ортақ қолданылатын кеңістікте байланыстырады. Диалектология саласындағы бұл құбылыс тілдік өзгерістер мен дамудың нәтижесі ретінде қарастырылады. Супердиалект әдеби тілдің дамуының алдында тұрған тілдік жүйе болып табылады.

Жалпы тіл білімінде «*супердиалект*» ұғымы белгілі болғанымен, отандық лингвистикада бұл ұғым қолданысқа кеңінен түспеген. Супердиалектілерді зерттеу қазақ тілінің тарихи дамуын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Бұл зерттеу тілдің синтездік қасиетін, яғни әртүрлі аймақтық ерекшеліктердің ортақ әдеби тілге қалай әсер еткенін түсінуге ықпал етеді. Әлемдік және отандық тіл білімі үшін мұндай зерттеулер әдеби тілдің қалыптасу кезеңдеріндегі тілдік динамиканы түсінуге маңызды үлес қосады.

«*Супердиалект*» жайлы пікірлер Қ. Жұбанов, Р. Сыздық еңбектерінде айтылады. Қ. Жұбанов бұл терминді «төбетіл» деп аударып, «қарым-қатынастың дағдылы қалпынан жоғарылап, лайықты өңдеулер арқылы биік деңгейлерге жеткен ауызекі поэзияның, діни рәсімдердің, ауызша заңдардың өзіндік тілі, келе-келе бұл секілді жоғары тілдердің лексикалық қабаттары, фразеологиясы, өзіндік синтаксистік жүйелері қалыптасады» деп тұжырымдайды. Демек ауызекі поэзияның жанрлары, эпостық шығармалар, шешендік сөздер осы аталған төбетілдің (супердиалект) үлгісі болып табылады. Ғалым төбетілдің екі типін ажырата қарайды. Төбетілдің жоғарыда аталған түрінен басқа «әркелкі диалектілік тіл айырмаларының шоғырланып, бұрынғы тар көлемді томаға-тұйық дағдыларынан арылу жолымен жасалған типі руаралық көне түрі де болады. Қазақ әдеби тілінің негізі, кейбір зерттеушілер айтқандай, тірек диалекті емес, одан ауқымы кең, әрі жоғары тұрған әдеби тіл дәрежесіндегі төбетіл болды» деп әдеби тіл тарихы көздеріне қатысты күрделі мәселенің күңгірт жақтарын айқындай түседі. Сонымен ғалымның пайымдауынша, төбе тілдің бірінші типі қазақ әдеби тілінің қалыптасуына негіз болған.

Яғни ол «төбе тіл» тұжырымдамасын қазақ әдеби тілінің қалыптасуындағы орталықтандырылған тілдің ерекшеліктерімен байланыстыра отырып, оны әдеби шығармалар мен ауыз әдебиетінің қатынасына негіздеді (Жұбанов, 1966: 322).

Қ. Жұбановтың ұсынған «төбетіл» ұғымын қолдану қазіргі қазақ тілінің тарихи дамуындағы жаңа концептуалдық тәсіл болуы мүмкін. Бұл ұғым қазақ тіліне тән ортақтық пен кең ауқымды түсінікті қалыптастыруда әдеби тілдің дамуына ерекше назар аудартады.

Ал Р. Сыздықтың еңбектерінде «төбетіл» (немесе *төбе тіл*) ұғымы қазақтың тарихи дәуірлеріндегі әдеби тілдің қалыптасуына қатысты талқыланады. Бұл ұғымның мәні қазақтың ауызша әдебиетінің, әсіресе, жыраулар мен ақындардың поэзиясында қолданылған тілдік ерекшеліктермен тығыз байланысты.

Ғалым «төбетіл» ұғымын жыраулардың шығармаларындағы аймақтық және диалектілік ерекшеліктердің әдеби тілге ықпалын көрсету үшін қолданады. Жыраулар поэзиясы әртүрлі аймақтардың тілдік ерекшеліктерін бір арнаға тоғыстыра отырып, ортақ әдеби нормаларды қалыптастыруға ықпал етті. Р. Сыздықтың пікірінше, төбетіл бір орталықтан басқарылған жазба әдебиеттен емес, халықтық поэзияның ауызша дәстүрінен бастау алғандықтан, оның диалектілік ерекшеліктері әдеби тілдің дамуына ықпал еткен (Сыздық, 2004: 90).

Бұл тұста қазақ жырауларының шығармаларында белгілі бір аймақтарға тән диалектілердің кеңінен қолданылғаны байқалады. Мысалы, Сыпыра, Асан қайғы, Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Бұқар жырау сияқты жыраулардың тілі әр аймақтың өзіне тән ерекшеліктерін көрсетеді, бірақ бұл тілдерді бүкіл қазақ даласы түсініп, ортақ қабылдаған. Сондықтан, жыраулардың поэзиясы белгілі бір деңгейде супердиалектілік рөл атқарған деуге болады, себебі олардың тілі әртүрлі диалектілерді біріктіре отырып, кең ауқымды аудиторияға түсінікті болған.

Жыраулар поэзиясы – қазақтың рухани мәдениетінің ерекше құндылығы. Ол халықтың тарихи, саяси және әлеуметтік өмірінің көрінісін, дүниетанымын жеткізумен қатар, қазақ тілінің қалыптасуында да маңызды рөл атқарды (Нүрдәулетова, 2001: 52). Жыраулар поэзиясында әртүрлі аймақтық диалектілердің, сонымен қатар супердиалектілердің элементтері көрініс табады.

Нәтижелер мен талқылау

Жыраулар поэзиясында кездесетін диалектілер қазақ халқының ертеден келе жатқан фонетикалық бейімделулерінің алғышарты болып есептеледі. Мысалы, Сыпыра жыраудың:

*«Қанды көйлек киілмес
Тұтқын қатын сүйілмес
Кеуілің қанша сүйсе де*

Дұшпаныңа иілмес» (Жеті ғасыр жырлайды, 2021: 11), – деген жолдарындағы «кеуіл» сөзі де Қазақстанның батыс, оңтүстік өңірлерінде кеңінен таралған. Қазақ тілінің кейбір диалектілерінде кездесетін сөз болып табылады және стандартты қазақ тіліндегі «көңіл» сөзіне сәйкес келеді. «Кеуіл» сөзінің этимологиясын зерттеген ғалымдар түркі тілдеріне тән фонетикалық өзгерістердің бір көрінісі ретінде қарастырады. Яғни сөздің түпкі формасы көне түркі тілінде де қолданылған және қазіргі түркі тілдерінің көбінде осы негізде өзгеріске ұшырап, әртүрлі диалектілік нұсқалар пайда болған. Мәселен, көне түркі тілінде: *«kōñil»*, қазақ тілінде: *«көңіл»*, кейбір диалектілерде: *«кеуіл»* деп қолданылады. Мұндағы «ө» дауысты дыбысының өзгеруі диалектілік ерекшеліктерге байланысты.

Диалектологияда дауысты дыбыстардың ауысып кетуі – жиі кездесетін құбылыс. Кейбір өңірлерде фонетикалық өзгерістер ықпалына байланысты «ө» дыбысы «е» дыбысына ауысады, ал «ң» дыбысы «у» дыбысына айналып кетуі мүмкін. Сонымен қатар, Сыпыра жыраудың:

*«Уа, Хан ием, Хан ием!
Құлағыңды сал ием,
Талан болды біздерден*

Сансыз дүние мал, ием!» (Жеті ғасыр жырлайды, 2021: 9), – деп басталатын поэзиясындағы «талан» сөзінің диалектілік қолданылуы туралы да қазақ тілінің диалектологиясы мен лексикологиясына қатысты зерттеулерде бар. Бұл сөздің этимологиясын, фонетикалық ерекшеліктерін және аймақтық қолданысы жөніндегі зерттеулер А. Байтұрсынұлы, С. Аманжолов, Ә. Қайдар еңбектерінде кездеседі.

Зерттеуші Г. Мамырбекованың еңбегінде «талан» сөзі парсы тілінен енген сөз ретінде түсіндіріледі. Ғалымдардың пікіріне сүйенер болсақ, бұл сөздер жаугершілік және күрес символдары ретінде сипатталады (Мамырбекова, 2017: 502). Сондықтан да, мұндай сөздер әр аймақтың ерекшеліктеріне қарай өзгеріп, қолданысқа түсіп отырған. Яғни жыраулар поэзиясындағы әрбір тілдік қолданыстар терең философиялық, «тағдырлық» ұғымдарды білдіріп, халықтық дүниетанымды көрсетеді деген пікірге тоқталамыз.

«Талан» сөзі көне түркі тілдерінде *«бәліске түскен олжа»* дегенді білдірген. Өйткені, «түркі тілдерінде *«тал»* түбірі затты бөліп алу немесе

бөліске салу мағынасын берген, сондықтан *«талан»* сөзі осы түбірден шыққан болуы ықтимал. Сыпыра жыраудың *«Талан болды біздерден, «Сансыз дүние мал, ием»* жолдарында мал-дүниеден айырылып, талан-таражға түсті деген мағынаны қамтуы да сөздің осы семантикасын дәйектейді.

Тағы да Сыпыра жыраудың:

*Алла Тағала әмбеге
Бөліп берген ырысты
Соның үшін хан ием,*

Көксемегей ұрысты (Жеті ғасыр жырлайды, 2021: 12), – үзіндісінде *«әмбе»* сөзі өткеннің, бүгіннің және болашақтың үздіксіз байланысын көрсетіп, өмірдің циклдік сипатын бейнелейді. *«Әмбе»* сөзі – қазақ тілінің кейбір диалектілерінде және жыраулар поэзиясында жиі кездесетін термин. Ол көбінесе «әрқашан», «үдай» немесе «үздіксіз» деген мағыналарда қолданылады. Бұл сөздің түп-төркіні түркі тілдеріндегі «әм» және «бе» элементтерінен құралған болуы мүмкін. *«Әм»* сөзі ескі түркі тілдерінде *«әрдайым»*, *«барлық уақытта»* деген мағынада қолданылса, «бе» формасы күшейтпелі мағына үстейді деп болжанады. Осылайша, *«әмбе»* сөзі уақыттың үздіксіздігін, қайталанатын құбылыстарды білдіреді. Сол себепті, жыраулар поэзиясындағы *«әмбе»* сөзінің жиі ұшырасуының «супердиалектілік» қызметі басым және қазақтың көшпелі өмір салты мен дүниетанымындағы тұрақтылық пен өзгермейтін құндылықтарды бейнелейтіндіктен поэтикалық маңызы жоғары. Мұндай қолданыс Асан Қайғының жыраулық дәстүрінде де кездеседі. Сондай-ақ, Асан Қайғыда барлық жырауларда жиі кездесе бермейтін *«мүритін»* диалектілік нұсқасы бар. *«Мүрит»* сөзінің шығу тарихы *«мүрид»* араб сөзімен байланысты *«шәкірт, рухани ізденуші»* деген мағынаны білдіреді.

«Мүритін тауып алмаса

Азғын болса, пір гаріп» (Жеті ғасыр жырлайды, 2021: 16), – деген үзіндісіндегі Асан Қайғының «мүритін» қазіргі таңда Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде *«мұрт»* тұлғасында *«молданың қолын алушы адам»* мағынасында қолданылады. Яғни *«мүрит»* сөзінің діни мағынасы сақталған, дегенмен барлық аймақта бірдей қолданысқа түспеген. Мәселен, Ф. Қалиевтің аймақтық сөздігінде *«мұрт»* сөзінің қолданылу аймағы тұрғысынан (Қалиев, 2005: 359), «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» діни мағыналық рөлі талданды (Манкеева, 2011: 507). *Мүрит, нәлет,*

пұсырман, дүния нұсқаларына қатысты мағыналық талдаулар жыраулар қолданысындағы сөздердің маңыздылығын айғақтайды.

Сонымен, жыраулар поэзиясы – қазақ әдебиетінде сөзқолданыстары тұрғысынан өте бай, кеңінен зерттеуді қажет ететін маңызды жәдігер. Олардың шығармаларындағы аймақтық ерекшеліктер мен көнерген сөздер қазақ тілінің бай лексикалық қорын көрсетеді. Жыраулардың көбінесе өз аймағына тән диалектілерді қолдануы, олардың шығармаларындағы ерекше стильдік элемент ретінде көрінеді.

Поэзияларында диалектілер жиі кездесетін жыраулардың қатарына Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Марқасқа, Бұқар жырауларды да жатқыза аламыз.

Қазтуған жыраудың:

«Бұдырайған екі шекелі

Мұздай үлкен көбелі

Қары ұнымы сұлтандайын жүрісті

Адырнасы шайы жібек оққа кірісті» (Жеті ғасыр жырлайды, 2021: 19), - үзіндісіндегі тілдік қолданыстар жыраудың тілі бай, төрт жолда бірнеше диалект қолданылғанымен, поэтикалық мәні жоғалмағандығын көрсетеді. Мұндағы «бұдырайған», «мұздай көбелі», «қары ұнымы», «адырнасы» сөздері жауынгерлік портретті жасауда күшті прагматикалық қасиетке ие. Сондай-ақ, бірнеше ғасырлық үдерістерден өткен диалект ретінде саналады.

Қазтуғанның шығармашылығын зерттеген М. Мағауиннің пікірінше, Қазтуған жыраулар дәстүріндегі батырлық жырлардың классикалық үлгісін жасаған (Мағауин, 2020: 11). Яғни Қазтуған жыраудың поэзиясы – ортағасырлық қазақ мәдениетінің көрнекті туындысы, онда көшпелі қазақ қоғамының батырлық, ерлік, ел қорғау және әлеуметтік әділеттілік сынды негізгі құндылықтары көрініс тапқан.

Жыраудың өз поэзиясында қолданған «бұдырайған», «мұздай көбелі», «көбе», «қары ұнымы», «адырна» сөздерінің авторда жиі қолданылуы да автор шығармашылығындағы диалекттердің қуаттылығын нақтылайды. Мұндағы, «бұдырайған» сөзі – «бұдыр» түбірінен шыққан. «Бұдыр» беті тегіс емес, кедір-бұдырлы деген мағынаны береді. Қазіргі таңда Қазақстанның батыс аймақтарында «құмды төбешік» мағынасында жиі қолданылады.

Ал «мұздай» сөзі «суық», «салқын» мағынасында Ақтөбе, Ойыл, Атырау аймақтарында қолданылса, Түркіменстанға жақын аймақтарда «тегіс аман» деген мағынасында қолданылады. «Көбе» диалектісі де Қызылорда, Арал, Орынбор аймақтарында кең таралған. Ежелгі қазақ тілінде сауыттың, темір дулығының бір бөлігін білдіреді.

Сонда Қазтуған жыраудың «мұздай үлкен көбелі» деген жолдарында суық қаруланған деген мағынаны жеткізгісі келгендігі анық. «Қары» және «ұны» сөздерінің тіркесін де диалектілік элемент ретінде қарастыруға негіз бар. Өйткені, «қары» сөзі Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде «үйдің төбесіне салатын жуан ағаш» мағынасында, батыс аймақтарда «шаңырақтың уық өткізетін үлкен дөңселек ағашы», ал Ақтау, Маңғыстау жерлерінде «кәрі» деген мағынада қолданылады. Ал Қазақстанның кейбір аймақтарында «бұлыш ет» немесе дененің сыртқы мықтылығын білдіреді. «Ұны» сөзі де көне түркілік элемент ретінде тек белгілі аймақтарда ғана қолданылған болуы мүмкін, қазіргі кезде бұл сөздің орнына «сүйек» сөзі қолданылады. Бұл жерде «қары ұнымы – жуан денелі, сүйекті, ірі» батырдың жүрісі сұлтанға тенеледі, яғни «сұлтандай» деген теңеу арқылы батырдың салтанатты, беделді жүрісін сипаттайды.

Бұл сөздер орта ғасырлардағы түркі және қазақ тілдерінде жиі кездескенімен, қазіргі қазақ тілінде сирек қолданылады. **Ғалым Х. Сүйіншәлиев қазақ жыраулар поэзиясының тарихы мен құндылығын зерттей келе, Қазтуған жыраудың поэзиясындағы бірқатар лексикалық бірліктердің көне түркі тілінен келгендігін және мұндай эпостық стильдің жыраулық поэзияның қалыптасуына үлкен үлес қосқандығы жөнінде пікір білдіреді (Сүйіншәлиев, 1997: 90).** Демек, жыраулардағы лексикалық қолданыстар – бірнеше ғасырдың нәтижесінен пайда болған сөз үлгісі. Сол себепті жыраулардың поэзиясын қазақ халқына ортақ түсінікті болған, халықтың ортақ мүддесіне қызмет ете білген.

Қазтуған жыраудың толғауларындағы қолданылған бүгінгі күнге дейін қолданыстағы диалектілер мен олардың негізгі мағынасына, қай өңірлерде қолданылатындығына қысқаша зерттеу төмендегі кестеде берілді:

1-кесте – Қазтуған жырау толғауларындағы диалект сөздердің негізгі семантикасы мен қолданыстық аймағы

Толғаулардан үзінді	Диалект сөздер	Негізгі семантикасы	Қолданыстық аймағы
Жабағылы жас тайлақ <i>Жардай атан</i> болған жер.	жардай атан	Үлкен, зор деген мағынада, ал «атан» – ірі, күшті түйе дегенді білдіреді.	Оңтүстік Қазақстан және Батыс Қазақстан өңірлерінде жиі қолданылады.
<i>Ебей</i> басты құба үлек Ернімен <i>шырпы</i> шалғай ма?!	ебей	Үлкен, назар аударарлық затты немесе адамды білдіреді. Жыраулар поэзиясында адамның немесе маңызды оқиғаның ерекше элементін сипаттау үшін қолданылған.	Батыс Қазақстан және Шығыс Қазақстан өңірлерінде кездеседі.
	шырпы	От жағуға арналған ағаш бөлшегі немесе от жапқыш құралын білдіреді. Жыраулар поэзиясында қорғау, сақтау немесе жарыс ұғымдарын бейнелеу үшін қолданылған.	Батыс Қазақстан және Батыс Орталық Қазақстан өңірлерінде кеңінен қолданылады.
Қара мауыты <i>мұшақат</i> Бүтін тоғай жерді алар Жаз <i>кіреге</i> жақсы деп, Дулығалы нарды алар. Қыс <i>кіреге</i> жақсы деп, Шудасы қалын айырды алар.	мұшақат	Ауыр, қиын деген мағынада қолданылады.	Оңтүстік Қазақстан және Атырау өңірлерінде жиі кездеседі.
	кіре	«Көш» немесе «жүк» деген мағынада қолданылған. Кейбір анықтамасында «жүкпен жүретін керуен» деген мағынада білдіреді деп көрсетілген.	Шығыс Қазақстан өңірлерінде Оңтүстік Қазақстан өңірлерінде «керуен» мағынасында жиі кездеседі.
Ақ <i>шалмалы</i> пірлердің Мешітке жаққан шамдары- ай.	шалма	Түсіндірме сөздікте «басты байлау үшін қолданылатын шүберек» деген мағынасы беріледі. Кейде түйін немесе түйінше мағынасында қолданылады.	Шығыс Қазақстан мен Жетісу өңірлерінде бұл сөз бас киім немесе орамал ретінде қолданылып, өзіндік мағыналық ерекшелікке ие.
<i>Адыра</i> қалғыр көк Жайық Аңырап қалған қонысым!	адыра	«Құрып кетсін, тастап кетсін» деген қарғыс мағынада қолданылған.	Маңғыстау өңірінде және Батыс Қазақстанда бұл сөз қарғыс мәнінде қолданылады, бірақ кейбір өңірлерде жай ғана «жоқ болу» немесе «болмау» мағынасында жұмсалуды мүмкін.
Өзіне тиген дұшпанын Қарт бурадай <i>тіздеген</i> .	тіздеу	«Тіздеу» сөзі «жылдамдықпен қозғалу», «абайсыздықпен істеу» деген мағынада қолданылады. Жыраулар поэзиясында батырдың шапшаңдығын, тез әрекет етуін сипаттау үшін қолданылады.	Оңтүстік Қазақстан және Қостанай өңірлерінде кездеседі.

Қорытынды

Қорыта келгенде, жыраулар поэзиясы қазақ әдебиеті, мәдениеті және тарихының ортақ құндылығы болғандықтан, оны зерттеу ұлттық бірегейлікті тану тұрғысынан өзекті болып табылады. Жыраулар шығармаларында қазақ тілінің аймақтық ерекшеліктері мен диалектілік элементтері кеңінен көрініс тапқан. Бұл ерекше-

ліктер қазақ тілінің диалектологиялық құрылымын ғана емес, сонымен бірге ұлттық танымның аймақтық ерекшеліктерін түсінуге де мүмкіндік береді. Жыраулар поэзиясы арқылы аймақтық диалектілік белгілердің бір-бірімен үйлесуі мен өзара ықпалдасуы нәтижесінде ортақ әдеби тілдің қалыптасуы орын алды. Қазақ жыраулар поэзиясындағы диалектілік элементтер біртұтас жүйе ретінде супердиалектілік қызмет атқара-

тындықтан, жыраулар поэзиясындағы супердиалектілер жөнінде бірнеше тұжырым жасауға болады:

Жыраулар поэзиясында диалект сөздер маңызды орын алған. Сыпыра, Асан қайғы, Қазтуған жыраулар өз шығармаларында көптеген диалект сөздерді қолданған, бұл олардың аймақтық ерекшеліктерді сақтағанын көрсетеді. Сонымен қатар, жыраулар тек белгілі бір аймаққа тән емес, әртүрлі аймақтың диалектілік элементтерін қолданған. Бұл поэзияның халық арасында кеңінен таралуына және түсінікті болуына септігін тигізді.

Қазақ жыраулар поэзиясында супердиалектілік сипат байқалады. Себебі олардың жырлары әртүрлі аймақтық сөздерді қамти отырып, ортақ

сипат алған. Бұл қазақ жыраулар поэзиясында ортақ, түсінікті тілдік бірліктерді қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Жыраулар поэзиясы қазақ ұлттық тілінің диалектілік ерекшеліктерін сақтап қана қоймай, оларды жалпыхалықтық сипатқа жеткізді. Бұл үдерісте жыраулардың шығармалары арқылы диалект сөздер әдеби тілдің құрамына енді.

Осы негізде қазақ жырауларының поэзиясы диалектілік сөздерді жалпыхалықтық қолданысқа енгізудің бірегей тетігі болды.

Зерттеуді Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті қаржыландырды («14.05.2024 ж. № 05-04/329»).

Әдебиеттер

- Радлов В.В. Образцы народной литературы северных тюркских племен. – Санкт-Петербург : Императорской Акад. наук, 1896. – 527 с.
- Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. – Москва: Издательство Акад. наук СССР, 1951. – 452 с.
- Ильминский Н.И. Материалы к изучению киргизского наречия. – Казан: Издательство Казанского Университета, 1860. – 199 с.
- Жанпейісов Е. Қазақ тілінің этномәдени лексикасы. филол. ғыл. докт. ... дисс. – Алматы, 1991. – 266 б.
- Сауранбаев Н.Т., Сарыбаев Ш.Ш. К изучению казахских диалектов. Вопросы истории и диалектологии казахского языка. Алматы, 1958. –14-15 с.
- Атабаева М. Қазақ тілі диалектілік лексикасының этнолингвистикалық негізі. –Алматы: Білім, 2006. – 286 б.
- Bekeyeva, N., Bissengali, A., Mankeyeva, Z., Nurdauletova, B. (2021). Phraseological Expressions in the Turkic Language: Comparative Analysis // International Journal of Society, Culture & Language. – Iss. 9(2) (Themed Issue on Modern Realities of National Languages of CIS Countries). – P. 29-40.
- Жұбанов Қ.Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1966. – 322 б.
- Сыздық Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV-XIX ғ.) –Алматы: Арыс, 2004. – 288 б.
- Нүрдаулетова Б. I. XVIII-XIX ғасырларда өмір сүрген Манғыстау өңірі акын-жырауларының тілдік ерекшелігі. филол. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 2001. – 152 б.
- Жеті ғасыр жырлайды: екі томдық. – Алматы: Жазушы, 2021. 1-том. – 496 б.
- Мамырбекова Г. Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2017. – 658 б.
- Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 11-том. /Құраст.: Ж.Манкеева, С.Бизаков, Ә.Жүнісбек және т.б. – Алматы, 2011. – 752 б.
- Мағауин М. Қобыз сарыны. XV–XVIII ғасырларда жасаған акын, жыраулары: Монография. – Алматы: Атамұра, 2020. – 264 б.
- Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы: оқулық. – Алматы: Санат, 1997. – 260 б.

References

- Atabayeva, M. (2006). Qazaq tılı dialektlik leksikasynyn etnolingvistikalıq negızı [Ethnolinguistic basis of Kazakh dialect vocabulary]. Almaty. (in Kazakh)
- Bekeyeva, N., Bissengali, A., Mankeyeva, Z., Nurdauletova, B. (2021). Phraseological Expressions in the Turkic Language: Comparative Analysis. International Journal of Society, Culture & Language. Iss. 9(2) (Themed Issue on Modern Realities of National Languages of CIS Countries), P. 29-40.
- Ilminsky, N.I. (1860). Materialy k izucheniu kirgizskogo narechia [Materials for studying the Kyrgyz dialect]. Kazan. (in Russian)
- Malov, S.E. (1951). Pamitniki drevneturkskoi pismenosti [Monuments of ancient Turkic writing]. Moscow. (in Russian)
- Mamyrbekova, G. (2017). Qazaq tilindegi arab, parsy sozderinin tusindirme sozdıgı [An explanatory dictionary of Arabic and Persian words in the Kazakh language]. Almaty. (in Kazakh)
- Mankeeva, Zh., Bizakov, S., Zhunisbek A. (2011). Qazaq adebi tilinin sozdıgı [Dictionary of the Kazakh literary language]. Almaty. (in Kazakh)

- Magauin, M. (2020). Qobyz saryny. XY-XVIII gasyrlarda jasagan aqyn, jyraulary [The sound of Kobyz. The poets, narrators of folk tales who lived in the XY-XVIII centuries]. Almaty. (in Kazakh)
- Nurdauletova, B.I. (2001). XVIII-XIX gasyrlarda omır surgen Mangystau onırı aqyn-jyraularynyn tıldık erekshehgı [Linguistic features of the poets of the Mangystau region who lived in the XVIII-XIX centuries]. Diss. ... kand. philol. nauk [dissertation ... on philological sciences]. Almaty. (in Kazakh)
- Radlov, V.V. (1986). Obrazsy narodnoi literatury severnyh turkskih plemen [Examples of folk literature of the northern Turkic tribes]. Saint Petersburg. (in Russian)
- Sauranbayev, N.T., Sarybayev, Sh.Sh. (1958). K izucheniu kazahskih dialektov. Voprosy istorii i dialektologii kazahskogo iazyka [Towards the study of Kazakh dialects. Questions of history and dialectology of the Kazakh language]. Almaty. (in Russian)
- Syzdyk, R. (2004). Qazaq adebi tilnin tarihy (XY-XIX g.) [History of the Kazakh literary language (XY-XIX centuries)]. Almaty. (in Kazakh)
- Suyinshaliev, Kh. (1997). Qazaq adebietinin tarihy: oqulyq [History of Kazakh literature: textbook]. Almaty. (in Kazakh)
- Seven centuries sings: two volumes. (2012). Almaty: Writer. ((in Kazakh)
- Zhanpeyisov, E. (1991). Qazaq tilnin etnomadeni leksikasy [Ethnocultural lexicon of the Kazakh language]. Diss. ... dr. philologicheskikh nauk [dissertation... dr. Philological sciences]. Sc. Almaty. (in Kazakh)
- Zhubanov, K.K. (1966). Qazaq tılı jonindegi zertteuler [Studies on the Kazakh language]. Almaty. (in Kazakh)

Авторлар туралы мәлімет:

Сейітова Багдагул Балтабекқызы – PhD докторант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы қ., Қазақстан, e-mail: seyitova.bagdagul@mail.ru);

Есенова Қалбике Өмірбайқызы – филология ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы қ., Қазақстан, e-mail: kalbike_65@mail.ru).

Information about authors:

Seyitova Bagdagul Baltabekkyzy – PhD student, Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: seyitova.bagdagul@mail.ru);

Yessenova Kalbike Omirbayevna – Doctor of Philology, Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: kalbike_65@mail.ru).

*Келін түсті: 1 мамыр 2024 жыл.
Қабылданды: 30 қараша 2024 жыл.*